

## ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

### тауарларды сатып алу туралы

<тауардың атауы>

<тапсырыс берушінің аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, <қол қоюға негіз болатын құқық белгілейтін құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс берушінің қол қоятын адамының лауазымы және ТАӨ> арқылы бір жағынан және <жеткізушінің резиденттік білгісі> болып табылатын, <лицензия, рұқсат беретін құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің толық атауы>, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қоюға негіз болатын құқық белгілейтін құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің қол қоятын адамының лауазымы және ТАӨ> арқылы екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталып, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17-тармағының 1) тармақшасына және <хаттаманың бекітілген күні> тендер тәсілімен <тауардың атауы> сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес осы шартты (бұдан әрі - Шарт) төмендегілер туралы жасасты.

### 1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші \_\_\_\_\_ сатып алу порталында тендер тәсілімен <тауардың атауы> (бұдан әрі - Тауар) сатып алуды өткізу туралы хабарландыруды орналастырды және Жеткізушінің <ҚҚС сомасын қоспағанда> \_\_\_ теңге \_\_\_ тиын ( \_\_\_ теңге \_\_\_ тиын) сомасына тендерлік өтінімді қабылдады.

1.2. Тапсырыс беруші тапсырады және ақысын төлейді, ал Жеткізуші Тауарды Тауар бірлігінің бағасына, техникалық ерекше нұсқамада көрсетілген атауына, санына, жиынтығына сәйкес Шартта көзделген мерзімде және талаптарда жеткізуге міндеттеме алады.

1.3. Тауарды жеткізуді Тауар өндірушінің жұмыс жасап тұрған уәкілетті серіктесі және (немесе) Тауар өндірушінің ресми/өңірлік өкілі (өкілдігі) жүзеге асыруға тиіс.

1.4. Төменде көрсетілген құжаттар мен оларда келісілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

- Шарт;
- сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың/көрсетілетін қызметтердің) тізбесі (Шартқа №1 қосымша);
- техникалық ерекше нұсқама (Шартқа № 2 қосымша).

### 2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ АҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС сомасын қосқанда> \_\_\_\_\_ теңге \_\_\_ тиын (\_\_\_\_\_ теңге \_\_\_ тиын) (бұдан әрі - Шарттың жалпы сомасы) болады, \_\_\_\_\_ теңге \_\_\_ тиын (\_\_\_\_\_ теңге \_\_\_ тиын) мөлшеріндегі Тауар құнынан, <\_\_\_\_\_ теңге \_\_\_ тиын (\_\_\_\_\_ теңге \_\_\_ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасынан тұрады (егер Жеткізуші ҚР резиденті және ҚҚС төлеушісі болса қолданылады)>.

Шарттың жалпы сомасы сақтандыруды, салықтарды, баждарды және өзге де төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Тауарды жеткізумен байланысты барлық шығыстарын қамтиды (қажет болған кезде).

Шарттың жалпы сомасы сатып алынатын Тауардың нақты санына байланысты Тауардың бір бірлігінің бағасы өзгермей азайтылуы мүмкін. Бұл ретте Тараптардың Шартқа қосымша келісім жасауы талап етілмейді.

Жеткізілген Тауардың нақты саны <Тауарды жеткізу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыруға негіз болатын құжаттың атауы> \_\_\_\_\_ (бұдан әрі - Акт) көрсетіледі.

2.2. Тапсырыс беруші Шарт бойынша ақы төлеуді Жеткізушінің банктік шотына мынадай тәртіппен ақша аударады:

Жеткізуші Тапсырыс берушіге «Электрондық шот-фактуралар» мемлекеттік ақпараттық жүйесінің (ЭШФ АЖ) web-қосымшасы/порталы арқылы қойылған тиісінше ресімделген шот-фактураны (инвойсты) және электрондық түрде қорларды бір жаққа жіберуге арналған жүкқұжатты ұсынған жағдайда, электрондық түрдегі және (немесе) қағаз нұсқадағы Актіге Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тауарды толық көлемде жеткізу фактісі бойынша Шарттың жалпы сомасының 100% (жүз пайызы) мөлшерінде.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген салықтарға, баждарға және бюджетке төленетін өзге де осыған ұқсас төлемдерге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген жағдайда Тараптар екі Тараптың да қосымша келісімге қол қоюы арқылы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасынан Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен табыс салығы ұсталады.

2.5. Шарттың 2.9-тармағында көрсетілген құжаттарды қоспағанда, факсимильдік байланыспен алынған құжаттардың, корпоративтік электрондық почта арқылы және (немесе) өзге де тәсілмен алынған құжаттардың сканерленген көшірмелерінің заңды күші болады және оларды кейіннен (егер Жеткізуші Алматы қаласынан тыс жерде болған жағдайда қолданылады) түпнұсқаға ауыстыра отырып, Тапсырыс беруші келесі 5 (бес) жұмыс күні ішінде қабылдайды (егер Жеткізуші басқа елдің резиденті болған жағдайда, 2.9-тармақ қолданылады).

2.6. Жеткізушінің төлемдерін Тапсырыс беруші Шарт бойынша төлемді жүзеге асыру күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша \_\_\_\_\_ (валюта түрі) жүзеге асырады (осы тармақ Жеткізуші ҚР резиденті болмаған жағдайда қолданылады).

2.7. Егер Жеткізуші Қазақстан Республикасы халықаралық шарт жасасқан елдің резиденті болса, Тапсырыс беруші тиісті халықаралық шартта көзделген шарт бойынша соманы төлеу кезінде салық салудан босатуды немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін дербес қолдануға

құқылы (осы тармақ Жеткізуші басқа елдің резиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы көздерден алатын табысына (табыстарына) қатысты қолданылады (осы тармақ Жеткізуші басқа елдің резиденті болған жағдайда қолданылады).

2.9. Салық салудан босату немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде халықаралық шарт нормаларын қолдану Жеткізуші Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін резиденттікті растайтын құжат және құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелері не бейрезидент-занды тұлғаның құрылтайшылары (қатысушылары) мен мажоритарлық акционерлері көрсетілген мемлекет заңнамасында көзделген сауда тізілімінен үзінді көшірме (акционерлер тізілімі немесе Қазақстан Республикасы салық заңнамасында көзделген өзге де ұқсас құжат) Шарт бойынша соманы төлеген күннен кешіктірмей ұсынған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

Егер қандай да бір себептермен Тапсырыс берушінің салық органы Жеткізуші ұсынған резиденттікті растайтын, кейінгі салық міндеттемелерінің туындауына әкеп соғуы мүмкін құжатты қабылдамаған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушімен бірге резиденттікті растайтын құжаттың дұрыс ресімделген нұсқасын ұсынуды қоса алғанда, осы мәселені шешу үшін бар күшін салады.

Егер Жеткізуші қандай да бір себептермен Жеткізушінің резиденттігін растайтын құжаттың дұрыс ресімделген нұсқасын ұсынбаса, туындаған салық міндеттемелері Жеткізушінің салық міндеттемелері болып табылады, оларды Жеткізуші өсімпұлды ескере отырып, толық көлемде орындауы (Тапсырыс берушіге өтеуі) тиіс, Тапсырыс беруші елінің салық органы салық кезеңінен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей Жеткізушінің резиденттігін растайтын құжаттың Тапсырыс беруші елдің салық заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуі анықталды (бұл тармақ, егер Жеткізуші басқа елдің тұрғыны болған жағдайда қолданылады).

2.10. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Жеткізушінің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде тіркелгенін растайтын құжатты ұсынады. Мұндай жағдайда Тапсырыс берушінің салық салудан босату немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде халықаралық шарттың нормаларын қолдануға құқығы жоқ (егер Жеткізуші басқа елдің резиденті болған жағдайда қолданылады).

2.11. Жеткізуші өзінің Шарт шеңберінде алынатын табыстың(тардың) түпкілікті (нақты) алушысы (иесі) екенін растайды және осы табысқа(тарға) иелік етуге, пайдалануға, билік етуге құқығы бар, сондай-ақ Тапсырыс берушіні оның делдал емес екеніне сендіреді осы мақсаттар үшін (Жеткізуші басқа елдің резиденті болған жағдайда қолданылады).

2.12. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасынан Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады (тармақ Жеткізуші басқа елдің резиденті болған жағдайда қолданылады).

2.13. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлегеннен бастап Қазақстан Республикасының салық заңнамасында бекітілген мөлшерлеме бойынша төлем көзінен табыс салығы ұсталуға жатады (осы тармақ Жеткізуші ҚР резиденті болмаған жағдайда қолданылады).

2.14. Жеткізуші тиісті түрде ресімдемеген қажетті төлем құжаттарын уақтылы ұсынбау немесе ұсыну Тапсырыс берушіні уақтылы төлемегені үшін жауапкершіліктен босатады.

### 3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

#### 3.1. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушіні Тауардың жеткізілу барысына, Жеткізуші жеткізетін Тауардың сапасы мен санына бақылауды жүзеге асыруға уәкілетті жауапты адамдар туралы хабардар етуге;
- 2) Жеткізуші жеткізген Тауарды *<Тауарды жеткізу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыруға негіз болатын құжаттың атауы>* негізінде Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға;
- 3) Шарт талаптарына сәйкес Шарт бойынша ақы төлеуді жүзеге асыруға;
- 4) Тапсырыс беруші мен Жеткізушінің уәкілетті өкілдері Актіге қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде және (немесе) Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеген күннен бастап Жеткізушіге Шарттың орындалуына енгізілген қамтамасыз етуді қайтаруға міндеттенеді.

#### 3.2. Тапсырыс беруші:

- 1) Тауарды қабылдау-өткізу барысында оның техникалық ерекше нұсқамаға сәйкестігін растау үшін Тауардың сапасы мен санын тексеруді жүзеге асыруға;
- 2) Тауардың жеткізілу барысын, Жеткізуші жеткізетін Тауардың сапасы мен санын бақылауға уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;
- 3) ескертулер, сәйкессіздіктер, шала жұмыстар, кемшіліктер, жарамсыздықтар, қателіктер, тиісінше жеткізілген және Акті бойынша берілген Тауардың жұмыс қабілеттілігіндегі ақаулар, оның ішінде оның барлық құрамдас бөліктерін және істен шыққан, ақаулы және (немесе) бүлінген жиынтықтауыштарды, жабдықтарды немесе оның модульдерін (бұдан әрі - ақаулар) Тауарды жеткізу, қабылдау-беру, Тауарға кепілдік беру кезеңі процесінде ауыстыруды қоса алғанда - осындай Тауарды бағасы мен тиісті сапасы жағынан ұқсас не жақсартылған сапалық сипаттамалары бар жаңасына ауыстыруды немесе Шартта белгіленген мерзімде ақауларды жоюды талап етуге не Жеткізушіге дәлелді жазбаша бас тартуды жібере отырып, Тауарды қабылдаудан және оған ақы төлеуден бас тартуға;
- 4) Шарттың 3.3-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алған жағдайда ахуалды бағалауға және өз қалауы бойынша және Жеткізушінің кінәсінен тыс туындаған объективті себептер болған кезде Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;
- 5) Шарттың осы тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайда Жеткізушіден растайтын құжаттарды талап етуге;
- 6) Шартта көзделген жағдайларда және тәртіппен Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға;
- 7) егер Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы не Шартта көзделген мерзімде және тәртіппен негіздер бойынша тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемеуі салдарынан Шарт бұзылса, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармауға (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді

енгізуі туралы талаптар болған кезде);

8) Жеткізушіден Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде тиісті сападағы және Техникалық ерекше нұсқама талаптарына сәйкес келетін Тауарды жеткізуді талап етуге (Шартқа №2 қосымша);

9) Тауарды қабылдау-беру процесінде Тауардың Техникалық ерекше нұсқамасында көзделген талаптарға сәйкестігін тексеруге (Шартқа №2 қосымша);

10) Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған, оның ішінде Тауарды қабылдау-беру процесінде және кепілдік беру кезеңінде анықталған ақауларды уақтылы жою жөніндегі міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, Жеткізушіден Шарттың 6.4-тармағына сәйкес тұрақсыздық айыбын өндіріп алуға және (немесе) Шартты бұзуға құқылы.

### **3.3. Жеткізуші:**

1) Тауарды тиісті сапада, техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес, Шартта көзделген санда, мерзімде және талаптарда жеткізуге;

2) Тараптар Актіге қол қойғанға дейін Тауардың жоғалу, бүліну немесе кездейсоқ бүліну тәуекелін көтеруге;

3) Тапсырыс беруші Тауарды жеткізу, қабылдау-беру процесінде, сондай-ақ Кепілдік беру кезеңінде Тауардағы ақауларды анықтаған жағдайда - оларды өз қаражаты есебінен дербес жоюға және (немесе) Тапсырыс берушімен келісілген, бірақ анықталған ақаулар туралы Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде ақаулы Тауарды бағасы мен тиісті сапасы жағынан ұқсас не Техникалық ерекше нұсқама шарттарына сәйкес келетін сапалық сипаттамалары жақсартылған жаңа Тауарға ауыстыруға (Шартқа №2 қосымша). Бұл ретте, ауыстырылған Тауарға кепілдіктің қолданылу мерзімі Тараптар қол қойған Актіде көрсетілген күннен бастап қайта есептеле бастайды.

4) Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап 60 ай ішінде тауардың сапасына кепілдік беру <тауарды жеткізу фактісін растайтын және шарт бойынша төлемді жүзеге асыру үшін негіз болып табылатын құжаттың атауы> Тапсырыс берушіге кепілгердің (Жеткізушінің) міндеттемелерін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарлама беру арқылы;

5) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан, Тапсырыс берушіден алынған жасырын және басқа да ақпаратты жария етпеуге және құпия сақтауға;

6) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

7) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген сәтте Шарттың уақтылы орындалуына кедергі келтіретін талаптарға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кідіру фактісі, оның болжамды ұзақтығы және себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;

8) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін біреуге толық не ішінара бермеуге (*қажет болғанда*);

- 9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 10) Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шарттың жалпы сомасының 3 % (үш пайызы) мөлшерінде енгізуге (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талаптар болған кезде);
- 11) Тауардың Шарт талаптарына сәйкестігін, Тауарды толық көлемде жеткізу барысын және оны Тапсырыс берушіге Акті бойынша тиісінше беруді, сондай-ақ Техникалық ерекше нұсқамада (Шартқа № 2 қосымша) көзделген Тауарды жеткізуге байланысты барлық ілеспе қызметтерді көрсетуді бақылайтын уәкілетті жауапты тұлғаларды тағайындауға;
- 12) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан, Тапсырыс берушіден алынған не Шарт бойынша міндеттемелерді орындау процесінде белгілі болған коммерциялық және (немесе) конфиденциалды ақпараттан басқа, өзге де ақпаратты жария етпеуге және құпияда сақтауға;
- 13) Қазақстан Республикасы заңнамасының және Тапсырыс берушінің ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтауға;
- 14) уәкілетті органнан қайта ұйымдастыру, тарату туралы құжатты алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей - бұл туралы Тапсырыс берушіге тиісті жазбаша хабарлама, оның ішінде барлық іс-әрекеттер-міндеттемелерді Шартта көзделген тәртіппен және мерзімдерде, көлемде орындауға құқылы құқықтық мирасқор туралы хабарлауға;
- 15) қажет болған жағдайда және (немесе) Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тауарға және Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты қосымша ақпарат беруге;
- 16) Тапсырыс берушіге Тауарға қажетті барлық құжаттарды (сәйкестік сертификаттары/СТ-KZ, Тауардың шығу тегі туралы сертификаттар, кепілдік сертификаттары, паспорттар, нұсқаулықтар және т.б.), оның ішінде техникалық құжаттаманы және таңбалауды орыс тілінде немесе Тауар өндірушінің тілінде, бірақ ресми орыс тіліне аудармасымен - Тауарды жеткізу пунктіне келгенге дейін беру, бірақ нақты жеткізу күнінен (бар болса) кешіктірмей беруге міндеттенеді. Жеткізуші көрсетілген құжаттарды уақтылы ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші жеткізілген Тауарды қабылдамауға;
- 17) меншікті қаражаты есебінен, өз күштерімен ақаулары бар Тауарды Тапсырыс берушіден алып кетуді және толық көлемде жеткізілетін және ілеспе қызметтер көрсете отырып, тиісті сападағы жаңа Тауарды жеткізуге;
- 18) Тауарды жеткізумен Техникалық ерекше нұсқамада көзделген ілеспе қызметтер көрсетуге (Шартқа №2 қосымша);
- 19) жеткізілген Тауарға кепілдіктің қолданылу мерзімі ішінде - Тапсырыс берушіні мыналармен қамтамасыз етуге:
- Тауар Өндіруші көрсететін техникалық қолдауға жазылыммен;
  - Алматы қ. орналасқан Тауар өндірушінің уәкілетті сервистік орталықтары көрсететін, оның барлық құрамдас бөліктерін қосқанда, Тауарға сервистік қызмет көрсетуге;

20) Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауға немесе тиісінше орындамауға байланысты шығыстарды өз бетінше көтеруге міндеттенеді.

### **3.4. Жеткізуші:**

- 1) Шарт талаптарына сәйкес жеткізілген Тауарға ақы алуға;
- 2) Тауар бірлігінің бағасын өзгертпестен, жақсартылған сапалық сипаттамалары бар Тауарды жеткізуге құқылы.

## **4. ТАУАРДЫ ЖЕТКІЗУ МЕРЗІМІ, ТАЛАПТАРЫ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ**

4.1. Тауарды толық көлемде жеткізу мерзімі/күні Шарт күшіне енген күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күн ішінде.

4.2. Тауарды жеткізу орны: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., 050040/A15P5B5, Сәтбаев к-сі, 30/8, 163-тұрғын емес үй-жай және (немесе) – Тапсырыс берушінің нақты орналасқа жерінің мекенжайы/орналасқан жерінің мекенжайы өзгерген жағдайда - басқа мекенжайлар.

4.3. Жеткізілген Тауар Техникалық ерекше нұсқамада көрсетілген барлық параметрлер мен сипаттамаларға сәйкес келуі тиіс (Шартқа № 2 қосымша).

4.4. Тауар тиісінше толық көлемде жеткізілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Жеткізуші Тапсырыс берушіге өз тарапынан қол қойылған Актіні қағаз нұсқада (2 (екі) бірдей данада) және (немесе) электрондық түрде, төлем шотын және ЭШФ АЖ арқылы берілген электрондық шот-фактураны ұсынуы тиіс.

4.5. Жеткізушіден Актіні алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс беруші Тауардың сапасын және оның Шарт талаптарына және Техникалық ерекше нұсқамаға (Шартқа №2 қосымша) сәйкестігін тексереді.

4.6. Жеткізілетін Тауар Техникалық ерекше нұсқаманың талаптарына сәйкес келмеген және (немесе) Тауарды қабылдау-беру процесінде ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші ақаулары бар жеткізілген Тауарды Актіде көрсету арқылы қабылдаудан бас тартады, бұл Жеткізушіге анықталған ақаулар туралы тиісті дәлелді жазбаша хабарлама жіберу және Шарттың 6-бөлімінде көзделген тұрақсыздық айыбын өндіріп алу үшін негіз болып табылады.

4.7. Тапсырыс берушіде Тауарды тиісінше жеткізу фактісі бойынша Жеткізушіге ескертулер болмаған жағдайда, Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге Тапсырыс беруші оны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қол қояды.

4.8. Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған Актіде көрсетілген күн Тауарды жеткізу күні болып есептеледі.

## **5. КЕПІЛДІКТЕР**

5.1. Жеткізуші Тараптардың уәкілетті адамдары *<Тауарды жеткізу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыруға негіз болатын құжаттың атауы>* қол қойған күннен бастап 60 ай ішінде Тапсырыс беруші ұсынған нысан бойынша кепілгердің міндеттемелерін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарламаны Тапсырыс берушіге беру арқылы Тауардың сапасына кепілдік беруге міндеттенеді.

5.2. Кепілдік мерзімі ішінде жеткізілген Тауарда ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге жазбаша хабарлама жібереді, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн аспайтын мерзімде оларды өз есебінен жоюға немесе ақауы бар Тауарды бағасы мен тиісті сапасы жағынан ұқсас не сапалық сипаттамалары жақсартылған, Техникалық ерекше нұсқама (Шартқа №2 қосымша) талаптарына сәйкес келетін жаңа Тауарға ауыстыруға міндеттенеді.

5.3. Ауыстырылған Тауарға немесе ақаулар жойылған Тауарға кепілдік мерзімі ақауларды жою немесе ақаулы Тауарды ауыстыру жүргізілген уақыт кезеңіне ұзартылады.

5.4. Ақауларды жою немесе ақаулары бар Тауарды бағасы мен тиісті сапасына ұқсас (не сапалық сипаттамалары жақсартылған) жаңа тауарға ауыстыру мүмкін болмаған/бас тартқан жағдайда, Жеткізуші Шартта белгіленген мерзімде Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

5.5. Жеткізуші Шартта белгіленген мерзімде ақауларды жою мүмкін болмаған/бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөлімінде көзделген жауапкершілікті көтереді.

## **6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

6.2. Форс-мажор жағдайларын қоспағанда Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарт шеңберінде өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірмей Жеткізушіден өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын:

1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзімді бұзған жағдайда - Тауарды толық көлемде жеткізудің нақты күнін қоса алғанда, кешіктірген әр күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,1 % (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10 % (он пайыздан) аспайтын мөлшерде өсімпұл;

2) ақаулы Тауарды ауыстыру мерзімі бұзылған немесе Тауардағы ақаулар жойылған жағдайда - ақауы бар Тауарды бағасы мен тиісті сапасы жағынан ұқсас (не сапалық сипаттамалары жақсартылған) жаңа Тауарға ауыстыру немесе Тауардағы ақауларды жою күнін қоса алғанда, әрбір кешіктірілген күнтізбелік күні үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы), бірақ Шарттың жалпы сомасының 10% (он пайызынан) аспайтын мөлшерде өсімпұл;

3) Шарттың 3.3-тармағының 14) тармақшасында көзделген мерзім бұзылған жағдайда - тиісті ақпарат берілген күнді қоса алғанда, кешіктірілген әрбір жұмыс күні үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 5% (бес пайызынан) аспайтын өсімпұл;

4) Шарттың орындалуын қамтамасыз ету толық көлемде енгізілмеген жағдайда - Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің жеткізілмеген сомасының 1% (бір пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.3. Ақауларды жоюға және (немесе) ақаулы Тауарды бағасы мен тиісті сапасы бойынша ұқсас жаңа (не сапалық сипаттамалары жақсартылған) Тауарға ауыстыруға мүмкіндігі болмаған/бас тартқан жағдайда:

- Тауарды қабылдау-беру процесінде Жеткізуші Тапсырыс берушіге ақауы бар Тауар құнының 10 % (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді;

- кепілдік мерзімі кезеңінде Жеткізуші Тапсырыс берушіге ақауы бар Тауар құнының 10 % (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді және Тапсырыс берушіге ақауы бар Тауардың құнын қайтарады.

6.4. Шарт бойынша төлем мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлем күнін қоса алғанда, кешіктірілген әрбір жұмыс күні үшін төлеуге жататын соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір пайызы), бірақ төлеуге жататын соманың 5% (бес пайызынан) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.5. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін тартылған Жеткізуші өкілдерін (қызметкерлерін) қоса алғанда, Шарт Тараптарының бірі Шарттың 3.3-тармағының 5), 12), 13) тармақшаларында және Шарттың 7-бөлімінде көзделген талаптарды бұзған жағдайда - Шарттың мұндай Тарабы екінші Тарапқа Шарттың жалпы сомасының 10 % (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.6. Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлемді жүзеге асыру кезінде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын дербес ұстап қалуға құқылы (*Тауарды жеткізу фактісі бойынша төленген жағдайда*).

6.7. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.8. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.9. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету толық көлемде ұсынылмаған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің енгізілмеген сомасының 1% (бір пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талаптар болған кезде).

6.10. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету енгізілмеген не уақтылы енгізілмеген жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сомасын қайтармайды (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы шарты болған кезде).

6.11. Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда:

- Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шарттың орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар ретінде енгізілген ақшалай соманы қайтармайды;

- Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасынан 10% (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.12. Жеткізуші Шартта белгіленген мерзімде ақауларды жою мүмкін болмаған/бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші Шартты бұзуға құқылы, ал Жеткізуші Тапсырыс берушінің алдында Шарттың 6-бөлімінде көзделген жауаптылықта болады.

6.13. Тапсырыс беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, ол Жеткізушіге жоғалған пайданы өтемейді және Жеткізуші келтірген нақты залал үшін ғана жауапты болады.

6.14. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Тараптар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама, іскерлік әдеп және парасаттылық нормаларын, адал бәсекелестік қағидаттарын сақтауға міндеттенеді.

6.15. Шарт сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар нәтижесінде жасалған жағдайда, уәкілетті мемлекеттік органдардың, мүдделі тұлғалардың немесе прокурордың талап қоюы бойынша сот Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен жарамсыз деп таниды.

6.16. Тараптар Тапсырыс берушінің Шарт шеңберінде алынған кез келген ақпаратты өзінің тартылған сыртқы консультанттарына, сыртқы заңгерлеріне, сыртқы аудиторларына және сақтандырушыларына негізді түрде ашуы заңды болатынын мойындайды.

6.17. Жеткізуші және (немесе) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін тартылған адамдар (Жеткізушінің қызметкерлері) Тапсырыс берушіден алынған және (немесе) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезеңінде белгілі болған конфиденциалды және өзге де ақпаратты жария еткен жағдайда, Жеткізуші Шарттың 6-бөлімінде көзделген жауаптылықта болады.

## **7. ЖАСЫРЫНДЫЛЫҚ**

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарының және ұсынушы Тарап жасырын ретінде белгілеген барлық ақпаратты (оның ішінде техникалық құжаттама, жоспарлар, сызбалар, модельдер, үлгілер немесе Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған өзге де ақпарат) екінші Тарап көрсетілген ақпаратты ұсынатын Тараптың жазбаша рұқсатынсыз, ешқандай үшінш тарапқа:

1) Шартты орындау үшін Жеткізуші тартқан қызметкерге ұсыну жағдайын қоспағанда, жария ете алмайтынын мойындайды. Көрсетілген ақпарат аталған қызметкерге жасырын түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылса не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылған жағдайды қоспағанда, жария ете алмайтынын мойындайды.

7.2. Жеткізуші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда аталған қандай да бір құжаттарды немесе ақпаратты Шартты іске асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбайды.

7.3. Жасырын ақпаратты жария еткен жағдайда Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

## **8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ФОРС-МАЖОР)**

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін, егер ол Тараптар алдын ала болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен мынадай еңсерілмейтін күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және өзге де дүлей зілзалалар, экологиялық апаттар, әскери іс-қимылдар,

террорлық актілер, азамат соғысы, халықтық толқулар, шектеу шаралары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдердің туындауы, Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш жағдайларының әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлардың қолданылу кезеңіне ауыстырылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкін болмайтын Тарап Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың басталғаны және тоқтатылғаны туралы олардың себептерін көрсете отырып, екінші Тарапты дереу жазбаша хабардар етеді, сондай-ақ тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер дәлелдемелерді талап етпейді. Бұл ретте Тараптардың келісімі бойынша Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелерді одан әрі орындаудан бас тартуға құқығы бар, одан кейін Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптан қандай да бір зиянды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулықтар түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындылығына қарай орындауды жалғастырады және көрсетілген жағдайларға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздестіруді жүргізеді.

## **9. ШАРТТЫҢ ОРЫНДАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

*(бұл бөлім Шартта Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талаптар болған кезде қолданылады)*

9.1. Жеткізуші Шарт жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін Шарттың жалпы сомасынан 3% (үш пайыз) мөлшерінде енгізеді (ерекшелік Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін күшіне енген Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауы жағдайын құрайды), бұл ретте, тиындармен есептелген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы дөңгелектенеді, атап айтқанда: 50 (елу) тиыннан аз сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 50 (елу) тиынға тең және одан жоғары сома дөңгелектенеді, - 1 (бір) теңгеге дейін дөңгелектенеді:

- 1) Тапсырыс берушінің банк шотына енгізілетін кепілдік ақшалай жарна;
- 2) банк кепілдігі немесе Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық құжат түріндегі банк кепілдігі;
- 3) электрондық әмиянға орналастырылған ақша

9.2. Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Жеткізушіге Тапсырыс беруші мен Жеткізушінің уәкілетті адамдары <Тауарды жеткізу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыруға негіз болатын құжаттың атауы> қол қойған күннен бастап және (немесе) Жеткізуші Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтарады.

9.3. Егер Шарт Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны не Шартта көзделген негіздер бойынша, мерзімде және тәртіппен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемеуі салдарынан Шарт бұзылса, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

## **10. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТАЛАПТАРЫ**

10.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау процесінде келіспеушіліктер туындаған

жағдайда Тараптар оларды соттан тыс тәртіппен реттеу үшін барлық қажетті шараларды қолдануға міндетті.

10.2. Егер Тараптар келісімге келмесе, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен қаралады.

10.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда олар Қазақстан Республикасының соттарында қаралатын болады.

## **11. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ**

11.1. Орналасқан жері және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда Тарап екінші Тарапты тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда хабардар етеді.

11.2. Шартқа барлық өзгерістер Шарттың 11.1-тармағында көрсетілген өзгерістерді қоспағанда, қосымша келісіммен ресімделеді және оған Тараптар қол қояды.

11.3. Тапсырыс беруші:

1) Тапсырыс беруші Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;

2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерде дәйексіз ақпарат анықталған;

3) Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген көмекті көрсеткен;

4) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болса, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілікте болмайды;

5) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;

6) Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

11.4. Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты бұзудың болжамды күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама жібереді, ол өткен соң Шарт бұзылды деп есептеледі. Хабарламада Шартты бұзу себебі, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуі тиіс.

## **12. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАПТАРЫ**

12.1. Шарт Жеткізуші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді толық көлемде енгізген күннен бастап күшіне енеді және Тараптар ол бойынша өз міндеттемелерін, оның ішінде кепілдік міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

## **13. ШАРТТЫҢ ТІЛІ**

13.1. Шарт электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде бірдей заңды күші бар 2 (екі) бірдей

данада, Тараптардың әрқайсысы үшін Шарттың 1 (бір) данасында жасалды.

13.2. Шарт мәтіндері арасында алшақтық болған, оқулар, алшақтықтар және (немесе) Шарт талаптарының мағыналық мазмұнында қандай да бір сәйкессіздіктер туындаған жағдайда, орыс тіліндегі шарттарды қамтитын Шарт артықшылыққа ие болады.

#### 14. БАСҚА ДА ТАЛАПТАР

14.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) оның ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

14.2. Тараптардың бірі қайта ұйымдастырылған жағдайда Шарт бойынша құқықтар мен міндеттер тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына ауысады.

#### 15. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРЛЕРІ МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

##### Тапсырыс беруші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>  
<Тапсырыс берушінің заңды мекенжайы мен тұрғылықты жері>  
<Тапсырыс берушінің тұрғылықты жерінің нақты мекенжайы>  
<Тапсырыс берушінің ЖСК >  
<банктің атауы>  
<Тапсырыс берушінің БСН>  
<Тапсырыс берушінің БСК>  
<Тапсырыс берушінің БЕК>  
**Тапсырыс берушінің атынан**  
\_\_\_\_\_ <қол қоюшының аты-жөні>  
М.Ө. (қолы)

##### Жеткізуші:

<Жеткізушінің толық атауы>  
<Жеткізушінің заңды мекенжайы мен тұрғылықты жері>  
<Жеткізушінің тұрғылықты жерінің нақты мекенжайы>  
<Жеткізушінің ЖСК>  
<банктің атауы>  
<Жеткізушінің БСН>  
<Жеткізушінің БСК>  
<Жеткізушінің БЕК>  
**Жеткізушінің атынан**  
\_\_\_\_\_ <қол қоюшының аты-жөні>  
М.Ө. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ө. - тегі, аты, әкесінің аты.

## ДОГОВОР

<идентификационный номер>

### о закупках

<наименование товара>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 1) пункта 17 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, уполномоченным органом по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее – Правила), и протоколом об итогах закупок <наименование товара> способом тендера <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее – Договор) о нижеследующем.

### 1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик на портале закупок \_\_\_\_\_ разместил объявление о проведении закупок <наименование товара> (далее – Товар) способом тендера и принял тендерную заявку Поставщика на сумму \_\_\_\_\_ тенге \_\_\_ тиын (\_\_\_\_\_ тенге \_\_\_ тиын), <без учета суммы НДС>.

1.2. Заказчик поручает и оплачивает, а Поставщик принимает на себя обязательство поставить Товар в соответствии с ценой за единицу Товара, наименованием, количеством, комплектностью, указанными в технической спецификации, в срок и на условиях, предусмотренных Договором.

1.3. Поставка Товара должна осуществляться действующим авторизованным партнером Производителя Товара и (или) официальным/региональным представителем (представительством) Производителя Товара.

